

Осакаровтың домбырасы қайда?

Осыдан отыз бес жыл бұрын Осакаров ауданында алғаш іссапармен бардым. Аудан орталығындағы дүкенге кіргенде сөредегі домбыра көзіме оттай басылды. Осында жасалған домбыра екен. «Ауылдағыларға сыйлаймын» деп қос домбыра сатып алдым. Күмбірлеп-ақ тұр екен. Содан бері жүрегімде Осакаровка деген ықылас пайда болған-ды...



Кейінірек сол домбыраларды ауыл дүкендерінен сатып алдық. Мен ауылдастарыма алғашқы домбыра туралы естелігімді ерекше бір мақтанышпен әңгімелеп жүрдім.

2008 жылы Осакаров аудандық «Сельский труженик» газетінің бас редакторы болып келгенімде алғашқы мақаламды Осакаровтың домбырасына арнағым келген. Өкінішке орай, музыка аспаптары фабрикасы жабылып қалған екен. Фабрика орналасқан Центральный ауылындағы мектеп жанынан құрылған тарихи-өлкетану музейі мамандары В.Зинченко мен Е.Ковшовадан домбыраға қатысты біраз жайларға қанықтым. Музей жетекшісі болған азаматтармен кездесу үшін №4 кент атауына ие болған елді мекенге жиі барып тұрдым.

Алғашқыда өндіріс орнында құрылыс материалдары шығарылған екен. Сонымен қоса, тербелетін ойыншық ат, қуыршақ, машина, шахмат ойыны тақтасы мен тастары, тұрмысқа қажетті бұйымдар өндірумен шұғылданыпты. 1938 жылы музыка аспаптары фабрикасы болып өзгеріп, балалайка, мандалин, гитара аспаптарын шығара бастайды.

Комбинатқа қатысты қызықты деректің бірі – Ұлы Отан соғысы жылдарында кәсіпорын 300 тігін машинасымен жабдықталған. Құрылыс орнында майданға арналған киім-кешек

тігетін цех жұмыс істейді. Ойыншық шығаратын бөлігінде винтовка, автоматтың ағаш дің-тірегі әзірленіп, майданға жөнелтіле бастайды.

1946 жылы музыка аспаптары фабрикасы алматылық Қасымовтың (өкінішке орай, есімі белгісіз) бел сенді әрекеті негізінде бірыңғай домбыра шығаруға машықтанады. 1958 жылы Қазақ мемлекеттік филармониясының тапсырысымен осы фабрикада әзірленген домбыралар мен Құрманғазы атындағы оркестр Болгариядағы халықаралық конкурста тамаша өнер көрсетіп, жеңіспен оралады.

1980 жылы домбыра фабрикасы жаңа ғимаратқа көшіріледі. Соның нәтижесінде 60 мың домбыра шығарып, шетелге сатуға міндеттеме алады. Арнайы тапсырыспен Мәскеу Олимпиадасының логотипі салынған 2 мың домбыра жасалып, КСРО аста насына жөнелтіледі.

Осакаров ауданында бір кездері сапалы домбыралар жасалғаны туралы Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің Тәттімбет атындағы академиялық халық аспаптары оркестрінің дирижері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Әбуғалисын Шоқанбаев жиі еске алып отыратын. Музыка цехы оны жиі шақыртады екен. «Домбыраның бұрауын келтіріп, есілте шертіп-шертіп жіберсең, ерекше күй төгіліп тұратын» деген еді ол.

Тәттімбет атындағы ұлт аспаптары оркестрінің орындауындағы Тәттімбеттің «Сарыжайлау», «Көш жанаған», «Секіртпе», Әшімтайдың «Қоңырқаз», Токаның «Сары жайлау», Аққыздың «Мұң қос басар», Қыздарбектің «Сылқым қыз» күйлерін 2013 жылы ҚР Мәдениет саласының үздігі, ұлы күйші-композиторы Тәттімбет Қазан ғапұлының мұрасын зерттеп, халық арасына кеңінен насихаттаушы Тұрысбек Түсіпбековтің шебер орындауында тыңдаған болатынымын. Сонда Тұрсекеңнің қолынан Осакаровтың домбырасын кездестіріп, бір маркайып қалғаным бар.

Канаданың Монреаль қаласында өткен Дүние жүзілік көрмеде жүлделі орын алған «Осакаровтың домбырасы» осылайша менің өміріме үлкен өзгеріс әкелген еді. Кезінде әлемді өнімдерімен тәнті еткен сол домбыра фабрикасы қазір қайда? Елбасы баста масымен елімізде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы қолға алынды. Аталған бағдарлама аясында осы домбыра фабрикасын қайта құрсақ, жоғымыздың түгенделгені, өшкеніміздің жанғаны емес пе?

Сержан СМАХАНҰЛЫ.

ОСАКАРОВ ауданы